

VI МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ:

# "НАУЧНЫЕ ПЕРСПЕКТИВЫ XXI ВЕКА. ДОСТИЖЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ НОВОГО СТОЛЕТИЯ"

*(Россия, г. Новосибирск, 14-15.11.2014 г.)*

ЧАСТЬ 3



ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ



ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ



СОЦИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ



КУЛЬТУРОЛОГИЯ



ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

6

2014

**«ТОҒЫЗ» САНЫ ЖӘНЕ МЕНТАЛЬДІЛІК (ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)**

Досымбекова Рауан Орикбаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2-курс PhD докторанты, Алматы қала

ЦИФРА «ДЕВЯТЬ» И МЕНТАЛЬНОСТЬ (НА ОСНОВЕ КИТАЙСКОГО И КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА)

Досымбекова Рауан Орикбаевна, Казахский Национальный университет им. Аль-Фараби, PhD докторантка

курсы

Город Алматы

NUMBER «NINE» AND MENTALITY (IN THE BASIS OF CHINESE AND KAZAKH LANGUAGES)

Dossymbekova Rauan, Al-Farabi Kazakh National University, 2 year students PhD, Almaty city

АННОТАЦИЯ

В данной статье сопоставляются феноменальное значение и употребление цифры «девять» в казахском и тайском языках. Для достижения этой цели делается сравнительный анализ цифры «девять» в обоих языках, а также раскрывается их секреты значения. В связи с тем, что считали цифра «девять» имеет какое-то секретное мистическое значение, то не только в повседневной обычной жизни, но и в национальной культуре, в этнографии можно заметить, что этому числу давали большое значение и считали его священным. Удостоверились, что осмысл национально-культурные аспекты чисел, можно ясно выявить менталитет и психологию народа.

ABSTRACT

In this article was given the definition of the history of occurrence and significance of the phenomenon of a number «nine» in Chinese and Kazakh languages. To achieve this purpose was done the comparative analysis of the number «nine» in two languages and also was interpreted its secret of meaning. In this connection it was considered, that the number «nine» has some kind of mystical meaning, we can see, not only in everyday life, but also in the national culture and in the ethnography paid a great attention to this number and considered to be sacred. Now we make sure, that comprehending the national-cultural aspects of the number, one can clearly identify mentality and psychology of the people.

Ключевые слова: цифра; ментальность; иероглиф; девять; мистика.

Keywords: figure; mentality; character; nine; mysticism.

Қандай да болсын құбылыстың немесе беймәлім дүниенің сырын, пайда болу тарихын зерттеп білмей, оның ішкі мәнін, мағынасын, тапымдық сипатын түсіне алмайтынымыз белгілі. Алғашқы қоғам адамдарының идеологиялық көзқарасынан, олардың дүниетанымын ұғымдары мен сандардың шығу тарихы, оның ішінде келі сандардың пайда болу себептерін сөз етуден бастауымыз қажет. Өйткені кез келген халықтың дүниетанымының түп-төркіні алғашқы қоғамдық кезеңдегі адамдардың магиялық ұғымдарынан бастау алады.

Жалпы кие деген сөздің мағынасына үңілер болсақ, оның алғашқы қауым адамдарының ақыл-ой, сана-сезімінің жемісі екенін байқауға болады. Олай дейтініміз, алғашқы қауым адамдарының санасында өздері қоршаған әрбір заттың, болмыстың иесі, яғни киесі бар деп түсінген. Олардың көзге көрінбейтін құдіретті күші, сиқыры болады және өмірдегі құбылыстар осы кие арқылы бір-біріне ықпал жасайды деген ұғым қалыптасқан. Олар табиғаттың құпия сырын түсінбегендіктен бейтаныс заттар мен құбылыстардың бәріне үрейлене қарап, оның барлығын тылсым дүниенің күшімен болып жатыр деп түсінген. Сондықтан да оларда табиғаттың дүлей күштеріне табыну түсінігі қалыптасты.

Жалпы адамзат баласының пайда болғаннан бергі заману жолының сан ғасырлық тарихы бар. Олар жетілу барысында өз ойларын инарағ, қимыл-қозғалыс арқылы өндіруден бастап, түрлі дыбыстарды меңгеру арқылы сөзді шығарды. Уақыт өткен сайын адамдардың тұрмыс-тіршілігі күрделене түсіп адамдардың сана-сезімдері де өзгеріске ұшырайды. Бір-бірімен қарым-қатынас жасап, әртүрлі тұрмыстық заттарын айырбас жасап отырған. Соның әсерінен адамдардың санасында санау, яғни сандық жүйе қалыптасып, сандардың алғашқы белгілері пайда болған деп тұжырымдауға болады.

Көне қытай мәдениетінде модельді сандардың құрамына бір, екі, үш, бес, жеті және тоғыз сандары енетіні белгілі. Көрсетілген сандардың ішіндегі тоғыз са-

нының мағыналық ұғымы мен ғанымдық сипатын ілеу аталған мақаламыздың негізгі арқауы болады. І тіліндегі сандардың таңбалық сипатын, олардың ғанымдық қасиеті мен беретін ұғымын саралай от жалпы тілдің табиғатында кездесек нәрсе болма сияқты, қытай тіліндегі тоғыз санының да күн, өмірде жиі қолданылатын қарапайым жай сан ем тәйдың рухани мәдениетінде оған ерекше көңіл б терең мағына үстелетінін найымдадық. Сондай-ақ санының таңбалық ұғымының беретін мағ ауқымды, кең, қоғамдағы қолданысында алуан мәнге ауысып отыратын мистикалық сан деуге і Тіпті, ерте заманда маньзды жобалардың құры көрсеткіші ретінде де қолданылған.

Қытай ғалымы И Биң тоғыз санының мс таңбасын, қытай дүниетанымына сәйкес, өмірдің қырларына ықпал ететін мәдени және сандық с ден бағалайды [1, 111-б.]. Қытай мәдениетінде т нының тарихы ертеден басталады. Мәселен, Ци стиясы билігінің тұсында қытай жері тоғыз аймақ ген, сонымен қатар осы кезеңде тоғыз саны қыта ның рухани дүниесіне қасиетті сан ретінде тек сын, да ғана емес, әдебиет, мәдениет пен саясатта д бере бастады.

Жалпы қытай халқы сандық мағыналары мән берген. Мысалы «бір» саны бастау, баста саны ғарыштық, яғни үштік: аспан, жер, адам жә рық көзі: күн, ай, жұлдыз, үш қарым-қатынас мен бұқара, әке мен бала, күйеуі мен әйелі ар байланыс, үш атақты билеуші: Яо, Шун, Юй-м ныстырыла қарастырылады. «Бес» саны бақыт ; ген түсінікті білдіреді және бес элементті: ж ағаш, металлды бейнелейтін таңбалық ұғымы секілді қытай тіліндегі тоғыз санының да мәңгілікті, ұзақтықты білдіретін «jiu» иерогли быстас. Тоғыз санында құпия мистикалық ұғ есептегендіктен, қоғам өмірінің күнделікті т

жәй есептік мағынамен қатар, ұлттық мәдениетінде, этнографиясында бұл санға терең мән беріп, қасиетті санағанын байқауға болады. Сондықтан да кезінде императорлардың сүйікті санына айналып, сарайларының есіктегі шегелері көлденең тоғыз, тігінен тоғыз қатар етіп қағылатын болған. Сарай баспалдақтарының саны да тоғыз, он сегіз, жиырма жеті, сексен бір болып тоғыз санының көбейтінділері арқылы белгіленетін болған. Бұл жерде назар аударатын маңызды жайт – он сегіз, жиырма жеті, сексен бір сандары тоғыз санының еселенген қосындылары болып шығатындығы. Мысалы «*Gu gong*» иероглифі былай бейнеленеді. Мұндағы негізгі үш сарайдың да биіктігі «*jiu chi*», яғни тоғыз чі-ге тең (1ч=13м) [1.113-б].

«Тоғыз» санының ұғымы жайында тек қытай деректерінде ғана емес, кеңестік энциклопедияда да шексіз үлкен, ұзақ, мәңгі, деген ұғымдарды білдіреді. Сонымен қатар тереңдікті түсіндірген кезде де жердің астын тоғыз қабат төмен, ал аспанды тоғыз қабатты деп айтылатын танымдық сипаты бар. Сол себепті қытайлар тоғыз санын аспанда ұшып жүрген аждаһа және өзін аспанның ұлымын деп санайтын императормен тікелей байланыстырады.

Қытай халқының ұғымында кең, ұлаңғайыр деп айтқысы келсе, «*jiu zhou fang yuan*» деп айтатын түсінік бар. Сол сияқты қатты суықты сипаттағанда да «*shu jiu han tian*» деп айту әдетке айналған. Тоғыз санының киелі саналуы қарапайым халық арасында да кең қолданысқа ие болған. Мәселен, қытайлар туған күні болған адамға гүл сыйлағанда, тоғыз талдан тұратын гүл шоғын ұсынады. Бұл - өмірің ұзақ болсын дегенді білдіреді [2, 131-б.].

Тоғыз санының күнделікті өмірде қолданылатын сандық мағынасымен қатар, қытай мәдениетінде оның кең мағынасындағы мистикалық та ұғымы бар. Мәселен, әлемдегі аспан, жер, тау, өзен сияқты заттар мен құбылыстардың жарағылысына байланысты кейбір атауларды: «тоғыз аспан-*jiu tian*», «тоғыз жер-*jiu di*», «тоғыз тау-*jiu shan*», «тоғыз тайпа, тек-*jiu zu*», «тоғыз зат-*jiu qi*», «тоғыз бос сөз-*jiu liao*», «тоғыз өлең-*jiu ge*», «тоғыз өлім-*jiu si*», «тоғыз үй-*jiu ge*», «тоғыз аудан-*jiu cheng*» және т.б. шексіздікті тұспалдап көбейтіп айтқанда пайдаланылады. Әсіресе, ежелгі оңтүстік Қытайда бұлай санамалау ерешелігі жиі қолданысқа ие болған. Мысалы «楚辭-天问» атты шығармада «тоғыз салмақ-*jiu zhong*», «тоғыз аспан-*jiu tian*», «тоғыз ұл-*jiuzi*», «тоғыз ереже-*jiuze*», «тоғыз аудан-*jiu cheng*», «тоғыз көше-*jiu jie*», «тоғыз бұйрық-*jiuling*», «тоғыз ән-*jiu ge*» және т.б. Көріп отырғанымыздай, тоғыз санының ежелгі Қытай мәдениеті мен өмірінде терең мағынасы болғаны байқалады. Көне заманнан бері қаншама тарихи кезеңдерден өткен тоғыз саны қытай халқының дүниетанымында, дәстүрлі мәдениетінде маңызды орын алады деп белгілі қытай зерттеушісі И. Бин орынды ағай келе тоғыздың ерекше сан екендігі қытайдың аңыз-әңгімелерінде де сөз болып, атап өтіледі. Қытайдың Мин императоры кезінде «тоғыз саны» қасиетті. Себебі жерді топан су басады. Содан кейін жер тоғыз аймаққа бөлініп, жерді басқаратын тоғыз заң болады. Сонда ғана сапалы өнім жинап жақсы өмір сүруге қол жеткеізуге болады дейді [1.114-б].

Тоғыз санының тағы бір ерекшелігі – қытайлардың көлік номерлерінде құтты да қасиетті таңба ретінде сипатталады. Егер көлік нөмірлерінің саны тоғыздан тұратын болса, көлік тез тозбайды, көпке шыдайды, ұзақ жыл мінуге болады дегенді білдіреді. Сонымен қатар қытайлардың ертедегі жыл кайыру дәстүрінде бір жылды төрт мезгілге бөліп, әр мезгілді: «*chun jiu*» иероглифі: «көктем

тоғыз», «*xia jiu*» иероглифі: «жаз тоғыз», «*qiu jiu*» иероглифі: «күз тоғыз», «*dong jiu*» иероглифі: «кыс тоғыз» баламаланады.

Қытай халқының дәстүрлі күнтізбесі бойы тоғыз күн «бір тоғыз» делініп, осылайша, «екі тоғыз», «төрт тоғыз» деп санамалай келе «тоғызға» жеткен кезде кыс бітіп, көктем шығып, қыс аспанды бастайды. Қытай халқының көрсетілген жанына байланысты дүниетанымы қазақ халқының мезгілдері: «жас тоқсан», «жаз тоқсан», «терме кыс тоқсан» деп бөліп-бөліп айту дәстүріне сәйкес келеді. Қазақтарда «жас тоқсанға» – көктем айларын, «терме тоқсанға» – жаз айларын, «кыс тоқсанға» – күз айларын, «кыс тоқсанға» – кыс айларын жатқызған. Сонымен «желтоқсан» түсінігі де күннің суытуына байланыстың алғашқы айын атайды. Сөйтіп, әр тоқсанды десек, төрт мезгілде жылдың 360 күні шығады екенін мысалдар қытай және қазақ халықтарының асылық дүниетанымындағы өзара ұқсастықты көрсетеді. Бұдан ежелден көршілес қазақ және қытай халықтарының әлемді тануындағы шығыстық ортақ тұжырымдауға болады.

Қытай халқының ұлы философы Конфуций дерінде уағыздаған «Ақыл кітабында» ер жігіт түрлі қасиет бар болуы керек деп атап көрсетеді: көрегендік, қағілездік, мейірбандық, инабаттылық, бірсөзділік; жұмысына тыңғылықтылық, білімділік, сұрауға ұялмаушылық, өзін-өзі ұстау білушілік, көрсе басы айналмайтын төзімділік.

Егер тоғыз санына математика тұрғысынан қарапайым көп санның бірі сияқты. Бірақ, қытай мәдени, діни көзқарасы тұрғысынан тоғыз саны ғана есептік сан емес, мағынасының өте тереңдігі екенін пайымдаймыз. Тоғыз саны қытай мәдениетінің саласында өз орнын тапқан деп жорамалданады. Мәселен, тоғыз санының «барлық», «толық» мағыналарына орай, Қытай тоғыз округтан тұратын район тоғыз аймақ бекітілген, діни салада құрбалатын тоғыз храм бар болса, туысқандық жағын ағайын бар. Ғылыми салада тоғыз бағыт білімінде «тоғыз саны өмір мен өлімнің мәні» деген тұрақты тіркеске айналған [3, 91-б.]. Бұл берілген терден тоғыз санының қытай дүниетанымындағы мен мәнінің айрықша екенін көреміз. Оны мына дегенде көруге болады: «Тоғыз санымен күндік жылы бойынша «аспан», «Құдай», «күн» деген рәмізде болады. Сондықтан тоғыз саны қытайлардың сан күні бүгінге дейін негізгі сан ретінде бағаланады атақты Шыңғыс хан дүниеге келгенде, оған арнап (ива) ағашынан жасалған бесікке тоғыз қойдың телінін қойды [4,25-б].

Қытай тіліндегі тоғыз санының қытай тілі бойынша үлкен орын алғанын байқауға болады. Әсіресе, логизмдерде жиі көрініс береді. Мысалы, «*jiu wu*» «тоғыз құйрықты түлкі» - асқан қу адам; «*jiu wu*» «адамға бақыт әкелетін тоғыз құйрықты тасбақ»; «*zhuo jian dan*» – «тоғыз рет шайылған алтын мәнгілік өмір дәрісі – зәмзәм су»; «*jiu si zhi chou*» - «тоғыз өміріндегі өш» - ата кек; «*jiu tian jiu di*» - «тоғыз аспан, тоғыз қабат жер» - жаһан дегенді білдіреді [5,146-б].

Қазақ халқының да әдет-ғұрпына, дәстүріне байланысты тоғыз санының қолданылу ерекшеліктері де тіліндегі тоғыз санының айырмасына ұқсас болып тұстары бар деуге болады. Мысалы, қазақта «Үйір тоғыз» «тоғыз әйел» тіркестермен қатар салтымыз данылатын «тоғыз» түсінігі тойларда, ас берген

және басқа да жиындарда «тоғыз» апару дәстүрі бар. Тоғыз сөзінің казакатын ескі салты бойынша бір рудың екінші руга, бір кісінің екінші кісіге төлейтін айыбының немесе сыйлығының «бір тоғыз», «үш тоғыз», «тоғыз тоғыз» болып келуі айқындайды. Қазактың ұлттық ойыны «тоғыз құмалакты» алсақ, оның ойын тәртібінде ұту (айып алу), ұтылу (айып төлеу) мағынасы бар[6,212-б]..

Тоғыз санына байланысты салт-санамызда қалыптасқан өсиет-сөздерде көп айтылады. Мысалы. «Жігіттің тоғыз жауы» деп жалқаулықты, аңқаулықты, жасқаншақтықты, жасықтықты, өтірік айтушылық, өсекшілік, көпірмелік, жалтақтық, алдамшылық сияқты адамның жаман қасиеттерін айтады. Ал казак ауыз әдебиетіндегі «Ер Төстік» ертегісінде Ерназардың сегіз ұлынан кейінгі тоғызыншы кенже ұлы Төстіктің елін асырап, жаудан қорғаған ер болуы тегін емес. Осы мысалдардың өзінен-ақ тоғыз санының көне мифтік мәнінен бөлек, қазіргі уақытта да казак және қытай халықтарының наным-сенімдерімен, дүниетанымымен ұлттық-мәдени деңгейге көтерілгендігіне көз жеткізуге болады.

Тілдегі сандардың ұлттық мәдени аспектіле зерделей келе кез келген халықтың менталитетін, психологиясын айқын аңғаруға болатынына көз жеткіздік.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. YI BIN. Zhongguo gudai moshishuzi "jiu" Hengyang shifan xueyuanxuebao. 2001nian, di 111ye.
2. Tian Da Xian. Zhongguo gudai shenmi shu Beijing: Shehui kexue wen xianchubanshe, 1998, -2 ye.
3. Zhao Xiang. Cong shuzi kan// qiye wenhua. 2005 ni: 26 qi. -91 ye..
4. Li Feng Ming. Shuo bu jin de "jiu" // Waig xueyuan xue bao. 2006 nian, di 2 qi. -25ye
5. Wang Bing. Shuzi de shenmi. —Shanghai : Huao dong shifandaxue chubanshe, 2004 nian-500 ye.
6. Әлем халықтарының ертегілері // Кеңестік энциклопедия. М,-1988. 631-б

## СОЦИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ


<b>Мулина А.С.</b> РОЛИТ МА СОЦИАЛЬНОГО ИНФАНТИЛИЗМА В ПЕРИОДЕ МИНИОМ МИРЕ.....	134	<b>Попкова Т.Д., Сухарова Ю.В.</b> ПОТРЕБНОСТИ ЛЮДЕЙ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ И СОЦИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА ГОСУДАРСТВА: ВЕКТОРЫ ИНТЕРЕСОВ .....	144
<b>Малахова В.В., Малахова Ю.В., Штольц М.В.</b> ПРОБЛЕМЫ КУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ.....	137	<b>Гостев А.Н., Семенова В.Г.</b> СТУДЕНЧЕСКОЕ САМОУПРАВЛЕНИЕ В СИСТЕМЕ РОССИЙСКИХ ТРАДИЦИЙ .....	147
<b>Михайлова А.А.</b> ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОСНОВАНИЯ ИЗУЧЕНИЯ ИМИДЖА В СО- ЦИАЛЬНОЙ ИИ .....	140	<b>Шуракова О.И.</b> РЫНОК ТРУДА МОЛОДЕЖИ.....	152
<b>Мухоморова В.В.</b> ЭКОНОМИКА СЕМЕЙНОГО БИЗНЕСА КАК ОДИН СРЕДСТВОВ РЕШЕНИЯ ПРОБЛЕМЫ ЗАНЯТОСТИ СЕМЕЙНОЙ СЕМЬИ.....	142		

## КУЛЬТУРОЛОГИЯ

<b>Мухоморова Р.Г.</b> ПРОБЛЕМЫ КОСТЮМИРОВАННОГО СУПЕРГЕРОЯ В КОНТЕКСТЕ СОЦИАЛЬНЫХ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ, ИЛИ ГЕРОЙ "НАШЕГО" ВРЕМЕНИ.....	156	<b>Досымбекова Р.О.</b> «ТОҒЫЗ» САНЫ ЖӘНЕ МЕНТАЛЬДІЛІК (ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІ НЕГІЗІНДЕ).....	159
--	-----	--	-----

## ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

<b>Артемьев М.Н.</b> ПРОБЛЕМЫ ФРАНЦУЗСКИЕ ПОЛИТИЧЕСКИЕ КОНФЛИКТЫ В НАЧАЛЕ ТРИДЦАТИЛЕТНЕЙ ВОЙНЫ.....	162	<b>Рүстем Кәмшат Молданқызы</b> КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ЦЕНЗУРАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУҒА ҰШЫРАУЫ (СТАЛИНИЗМ КЕЗЕҢІ) .....	167
<b>Бухаров Д.В.</b> ПРОБЛЕМЫ КИТАЙ И РОССИЙСКО-КИТАЙСКИЕ ВЗАИМООТНОШЕ- НИЙ В ПЕРИОД КВЖД К «СИЛЕ СИБИРИ».....	165		



### Перечень направлений:

- Экономические науки – Педагогические науки – Технические науки – Медицинские науки –  
 Филологические науки – Биологические науки – Сельскохозяйственные науки –  
 Философские науки – Психологические науки – Юридические науки – Науки о Земле –  
 Физико-математические науки – Исторические науки – Фармацевтические науки –  
 Политические науки – Социологические науки – Искусствоведение –  
 Географические науки – Химические науки – Геолого-минералогические науки –  
 Ветеринарные науки – Культурология – Архитектура – Военные науки





